

¹Тұяқбаев Ө.О., ²Мевлут Ердем

¹PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: omirabuali@gmail.com

²PhD докторы, көмекші-профессор, Хаджеттепе университеті, Түркия, Анкара қ.
e-mail: mevluterdem@gmail.com

«ХАДИҚАТ АЛ-‘АРИФИН» ЖӘНЕ ҚОЛЖАЗБА НҰСҚАЛАРЫ

Академиялық ортада Ислам дінінің мистикалық бағыты – суфизмнің тарихы мен теориясы зерттелген іргелі еңбектердің саны жыл санап артып келеді. Соңғы жылдары шағатай тіліндегі діни шығармаларға зерттеушілердің қызығушылығы артып, ондағы деректермен жекелеген аймақтардағы «халықтық исламның»¹ қалыптасу тарихын, ерекшелігін зерделеу қарқын алды. Зерттеушілердің қызығушылығын тудырған шағатай тіліндегі ортағасырлық шығарманың бірі – иасауи сопылық мектебінің ірі өкілі Исхақ қожа ибн Исмағил ата ал-Қазығурти ат-Туркистанидің «Хадиқат ал-‘арифині» (XIV ғ. соңы). Мақалада осы шығарманың шетелдік қорларда сақталған нұсқаларына шолу жасалады.

Түйін сөздер: агиография, сопылық, иасауи, қолжазба, кодикология, шағатай тілі.

¹Tuyakbaev O.O., ²Mevlut Erdem

¹PhD student, Al-Farabi Kazakh National University Faculty of Oriental studies,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: omirabuali@gmail.com

²PhD doctor, ass.professor, Hacettepe University, Faculty of Philology, Turkey, Ankara, e-mail: mevluterdem@gmail.com

«HadQat Al-‘Arifin» and its Manuscripts

In the academic scientific environment, year by year, the number of fundamental studies of the history and theory of the mystical religion of Islam - Sufism is increasing. Recently, Chagatai religious works have attracted a lot of attention of researchers, as the primary source on the history of formation and the peculiarities of «Popular Islam» in Central Asia. One of interest Chagatai works to researchers is «Khadiqat al-‘arifin» (end of the XIVth century). It was written by a prominent representative of the Yasawi Sufik school Ishaq Khoja ibn Isma‘il Ata al-Qazygurti al-Turkistany. This article provides a brief overview of the manuscripts of this work, preserved in foreign funds.

Key words: Hagiography, Sufism, Yasawi, Manuscript, Codicology, Chagatai language.

¹Тұяқбаев Ө.О., ²Мевлут Ердем

¹PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: omirabuali@gmail.com

²PhD доктор, асс. профессор, Университет Хаджеттепе, Турция, г. Анкара, e-mail: mevluterdem@gmail.com

«Хадикат Ал-‘Арифин» и его рукописи

В академической научной среде с каждым годом увеличивается число фундаментальных исследований истории и теории мистической религии ислама – суфизма. В последнее время чагатайские религиозные произведения привлекают большое внимание исследователей как первоисточник по истории формирования и особенности «народного ислама» в регионах

¹ «Халықтық ислам» термині орыс ғалымдарының зерттеулерінде жиі қолданылады. Көшпелі түркі халықтарының ұстанған дінінің әдет-ғұрыптарындағы ислам мен көне наным-сенімдер симбиоздылығын ғалымдар «халықтық ислам» термині аясында түсіндіруді жөн көрді. Қара: Литвинов В.П. «Народный ислам» как синтез язычества и мусульманской религии в Туркестане: паломнический аспект // Исламоведение. – Т. 9, № 1. 2018. – Б. 54–64.

Центральной Азии. Один из таких представляющих интерес для исследователей чагатайских произведений – «Хадикат аль-‘арифин» (конец XIV в.). «Хадикат ал-‘арифин» написан видным представителем ясавиской суфиской школы Исхак Ходжой ибн Исма‘ил ата аль-Казыгурти ат-Туркистанани. В данной статье представлен краткий обзор рукописей этого произведения, сохранившихся в зарубежных фондах.

Ключевые слова: агиография, суфизм, иассави, рукопись, кодикология, чагатайский язык.

Кіріспе

Орталық Азиядағы сопылық мектептердің тарихы, шейхтардың өмірі мен қызметі, олардың ұсынған басты ілімдері түрлі жанрдағы сопылық шығармаларда баяндалып жетті. Сопылық шығармаларға жүргізілген көптеген деректанулық зерттеулер оларды тарихи, мәдени, тілтанымдық тұрғысынан қарастыруға болатынын ұқтырды: деректерді талдаудың түрлі әдістері мен тәсілдерін қалыптастырды, сопылық еңбектерді түрлі аспектілерде қарастыруға жол ашты. Агиографиялық әдебиеттер көбіне трафаретті-абстрактті сюжеттер мен мотивтерге құрылады, шығарманың басты кейіпкері болған сопы шейхының дүниеден өткеннен кейін шәкірттерінің компиляциясымен жазылатынына, ондағы мәліметтер көп жағдайда нарративті түрде жететіне қарамастан, бұл шығармаларда нақты бір ортаның, социумының ішкі өмірі сол ортада тұлға болып қалыптасқан авторлардың қаламымен баяндалатыны іргелі ғылыми зерттеулерде дәйектелген². Сондай-ақ, академиялық ортада агиографиялық шығармаларды нақты бір мәселені, мәдени ортаны, социумды зерттеуде маңызды дерек ретінде қарастыру орнықты.

Сопылық шығармалар ішінде шағатай тіліндегі шығармалар тілтаным, әдебиеттану, деректану тұрғысынан көп зерттеле қойған жоқ. Атеистік ұғым үстемдік құрған Кеңес үкіметі кезінде шағатай тіліндегі діни еңбектер арнайы зерттеулерден шеттетіліп, жабық қорларда сақталып келді. Кеңестік кезең тарихтан кеткеннен кейін шағатай тілінде жазылған діни-

² Орта Азияда жазылған агиографиялық шығармалар жайлы көлемді зерттеулер қара: Кусаинов Ш.К. Агиография в казахском фольклоре. Диссертация ... 10.01.09 - фольклористика. – Алматы, 2004; Исмоилов Л. «Манакиб как исторический источник XVI в.» Автореферат диссертации на соискание ученого степени к.и.н.: 07.00.09. – Ташкент, 1991.; Семенов А.А. Уникальный памятник агиографической среднеазиатской литературе XVI в. // Известия УЗФАН. 1941. №3.– Б. 37–48; Стюард Д. Сведения агиографической литературы по истории и религии казахов / Шелковский путь и Казахстан. – Алматы, 1999. – С. 88–100; Молотова Э. «Тазкира-и Богра-хан» как источник по истории народов Центральной Азии // Известия НАН РК серия общественных наук, №2. 2008. – Б. 22–26.

дидактикалық, агиографиялық шығармаларға деген зерттеушілердің қызығушылығы артып, соңғы уақыттарда іргелі еңбектер жазыла бастады. Соңғы жылдары суфизмнің тарихы мен теориясы төңірегіндегі іргелі зерттеулердің ауқымы кеңейіп, зерттеушілердің тың деректерді тауып, ғылыми айналымға енгізуі, қолжазбалар мен каталогтарының сандық нұсқада жүйеленуі³, т.с.с. оңтайлы істердің нәтижесінде шағатай тіліндегі діни шығармалардың деректік маңыздылығына назар аудару, ондағы мәліметтерді саралау қарқын ала түсті.

Сондай іргелі еңбектердің қатарына «Хадикат ал-‘арифиннің» деректік маңызын зерделеген Д. ДеУис, А. Муминов, Б. Бабаджанов, Н. Тосун, И. Оджак, З. Жандарбек, Е. Бозкурт зерттеулерін жатқызуға болады. Д. ДеУис (DeWeese, 1996), А. Муминов (DeWeese, 2013), Б. Бабаджанов (Бабаджанов, 2003) Хадикаттың мәтіннен аңыздар мен теологиялық полемика, дискуссия мәселелерін және сол сияқты кеңестік-уақыттық құрылымдарды, ономастикалық атауларды таңдап алып қарастыруды ұсына отырып, олардың тарихи негіздеріне үнілді. Шығарма мәтіндеріндегі дін үшін күрескен шейхтардың әрекеттері, дінін жаю үшін айтқан уағыздары, ағартушылығы, ізгілікті көрсетуші ретіндегі ұстаздық қызметі, қайраткерлік деңгейі, әулиелік дәрежесі (*мақамы*), ізін басқан шәкірттері, қоршаған ортасы, т.с.с. мәселелер агиографиялық шығармаларға тән сюжеттерде олардың баяндалуына қарай бұл мәселелердің өз кезегінде қаншалықты актуалды болғанын сараптады. Отандық ғалым З. Жандарбек (Жандарбек, 2002), түрік ғалымдары Н. Тосун (Tosun, 2010) мен И. Оджак (Ocak, 1997) шығарма мәтінінен белгілі бір діни топтардың қоғамдағы әлеуметтік-саяси әлеуетін, орнын, беделін, рухани-практикалық дәстүрін анықтауға мүмкіндік беретін мәліметтер мен деректерді

³ Бұл саладағы үлкен іс Өзбекстанның КСРО құрамында болған кезеңінде ӨзРФА Әбу Райхана әл-Бируни ат. Шығыстану институтының қолжазба қорындағы тізімделмей келген (және кіргізілмеген) сопылық мәтіндегі XVII-XX ғғ. қолжазбаларының каталогының жасалуы болды. Қара: Каталог, 2002

сөйлетуді басты назарда ұстады және сонымен деректік маңызын бағалады. Е. Бозкурт магистрлік диссертациясында «Хадиқат ал-‘арифиннің» агиографиялық шығарма ретіндегі тілдік ерекшелігін қарастырды (Bozkurt, 2010).

«Хадиқат ал-‘арифин» нұсқалары және оның сипаттамалары

«Хадиқат ал-‘арифин» авторы Исхақ қожа ибн Исмағил ата ибн Ибрахим ата ал-Қазығурти ат-Туркистан екені шығарманың барлық нұсқаларында көрсетіледі. Автордың нақты қашан туып, бұ дүниеден өткені жайлы деректерде мәлімет жоқ. Десе де, олардың қашан өмір сүргені жайлы болжауға мүмкіндік беретін бірқатар мәліметтер баршылық. Шығарманың бүгінге жеткен тізімдеріне сәйкес Исмағил ата 714/1314-15 немесе 734/1333-34 жылдары 120 жасында қайтыс болған. Ал оның үлкен ұлы Исхақ Қожа нақшбандилік дәстүрдегі жазба деректерге сүйенсек, Баха’ ад-дин Накшбандидің (718–791/1318–1389) аты танылғанға дейін жанына мүрид жинған, Сайрамда ханака ұстаған беделді шейх болған. Бұл мәліметтерден ғалымдар аталған шығарманың жазылған уақыты XIV ғасырдың соңғы ширегі болу керек деп болжайды (DeWeese, 1996:5-6).

Біз қарастыратын шығарма мұсылмандық әдебиет дәстүрінде сопы шейхтарының қызметтерін, кереметтерін, көріністерін, сөздері мен хикаяларын, ілімімен баяндауға арналған. «Хадиқат ал-‘арифин» ел аузында әулие деп танылған Исмағил ата ибн Ибрахим ата ал-Қазығуртидің өмір жолы мен қызметіне арналғандықтан, оны агиографиялық шығарма деп санауға толық құқығымыз бар.⁴ Айта кету керек, агиография термині қос ұғымға ие. Бірінші ұғымында агиография әулие немесе соған қатысты әдеби ескерткіштердің жиынтығы қамтылса, екінші ұғымында соны зерттеуге қатысты ғылыми тәртіп түсіндіріледі (Paul, 2012).

Біз агиографиялық әдебиеттердің деректік маңызын, тарихи-мәдени құндылығын ашу үшін алдымен қолжазба нұсқаларына кодикологиялық зерттеу, ондағы мәліметтерден шығарманың қандай ортада жазылғанын қарастыру өзекті деп санаймыз. Сондықтан, «Хадиқат ал-‘арифиннің» бізге жеткен нұсқалары «қандай ортада жазыл-

ды, көшірушілері кім болды» деген сұрақтарға жауапты шетелдік қорларда сақталған қолжазба нұсқаларына шолу жасау арқылы ғана ала аламыз.

Мақалада зерттеуге алынған агиография екі редакциядағы нұсқасында; біріншісі «Хадиқат ал-‘арифин» деп аты көрсетілген «хадиқат» нұсқасында, екіншісі, Исхақ қожа ибн Исмағил ата рисаласы деп, шығарма аты нақтыланбаған «рисала» нұсқасында жеткен. Бүгінде аталған шығарманың шетелдік қорларда 10 қолжазбасы белгілі. Соның ішінде ең көнесі, шамамен XV ғ. соңғы ширегінде жазылған аты көрсетілген «хадиқат» нұсқасының бір тізімі Кабул қаласында Ауған ұлттық архивінде⁵ табылып, танымал ғалым З.У. Тоған еңбегінде қысқа таныстырып, шығарманың Исмағил атаға тән екені көрсетеді (Z.Togan, 1981:947). Шығарма мәтіні Абдуррахман Жамидің «Нафахат ал-Унс» еңбегінің шеттеріне хашия іспетті 77 парақта (183а-259а) жазылған. Хадиқат мәтіні 881/1476 ж. жазылған Нафахат мәтінінен кейін хатталғаны каллиграфияның айырмашылықтарынан білінеді. Қолжазбаның шетінде парсы тілінде жазылған басқа да шығармалар бар (Афдали, 1983:79-81). Аталған шығарманың шеттеріндегі әулиелер жайлы қосымша жазбалар мен «Хадиқат» мәтіні Абдуррахман Жамидің еңбегін күшейте түсу үшін, ондағы түркі шейхтары жайлы мәліметтерді толықтыра түсу үшін жазылған деп топшылаймыз.

Шығарманың аты көрсетілмеген «рисала» нұсқасындағы бір тізім Уппсала Университетінің кітап қорында жатыр. Шамамен XIX ғ. жазылған «Хадиқат ал-‘арифиннің» «рисала» нұсқасы алғаш 1930 жылғы Университеттің қолжазба каталогында (Zetterstéén, 1930: 307-308), кейін энциклопедист ғалым М.Ф. Көпұлы (Koprulu, 1950:212) мен танымал зерттеуші Х.Ф. Хофман (Hofman, 1969:316-318) еңбектерінде сипатталады.

Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясы әбу Райхан Бируни атындағы Шығыс қолжазба орталығының 1-қорында (№№ 11838, 3637, 11941, 12387, 13074) аты көрсетілген бес «хадиқат» нұсқасы және 3-қорында аты көрсетілмеген үш «рисала» нұсқасы (№№ 3004, 2851, 252) бар. Ташкентте сақталған бұл нұсқалар арнайы зерттеулерде кодикологиялық және палеографиялық сипаттамасы жасалған. (DeWeese, Муминов, 2013:30–41 бб.).

⁴ Түрік ғалымы, сопылық шығармаларды зерттеуші Неждет Тосун Исхақ қожа шығармасын мақалаларында агиографиялық (манакиб) шығарма деп санайды. Қара: «XIV. Asırda Yazılmış Çağatayca Bir Yesevî Eseri: Hoca İshak b. İsmail Ata'nın «Hadikatü'l-ârifin'i»; «Orta Asya ve Doğu Türkistan'da Yazılmış Türkçe Menakıbnameler.

⁵ Ауған ұлттық мұрағатында №63/19 рт. 3. инвентарлық номермен сақтаулы, Хадиқат мәтіні қолжазбаның 183а-259а беттерінде жазылған. Қара.: Афдали, 1985

«Хадиқат ал-‘арифиннің» «рисала» нұсқаларында шығарманың негізгі толық мәтінінен тыс бірнеше қосымшалар (шежірелер) қамтылған. Қолжазбалардың нахзац, форзац беттеріндегі, парақ шеттеріндегі жазбалар мен осы қосымшалар қолжазбаларға жүргізілген кодикологиялық зерттеуіміздің негізгі нысаны болды. Шығарманың «рисалат» нұсқасының екі қолжазбасы (№№ 3004, 2851) колофондағы мәліметіне сай, XIX ғ. орта шенінде, бір нұсқасы (№252) XVII ғ. соңында жазылған. Ал қолжазба орталықтың №1 қорында сақталған (№№ 11838, 3637, 11941, 12387, 13074) аты көрсетілген «хадиқат» нұсқаларының барлық қолжазбалары палеографиялық ерекшеліктері мен кодикологиялық мәліметтеріне сай XIX ғ. тән. Қолжазбалардағы колофон және нахзац беттеріндегі жазбалар мәліметіне сенсек, бірқатар нұсқалары Исмағил ата ұрпақтарының қолымен жазылса (№№ 3004, 2851, 252), енді бірі Исмағил ата ұрпақтарының иелігінде болған (№3637).

Мысалы 1284/1867 ж. жазылған № 2851 қолжазба нұсқасының көшірушісі – Сайид Акрам Ходжа ибн Шах Иусуф ишан (Б.181а). Ол қолжазбада таратылған шежіре бойынша (ББ. 261а, 2756-2766) Исмағил атаның он екінші ұрпағы. Хадиқаттағы мәлімет бойынша Исмағил атаның тоғызыншы ұлы – Хаджи ата (Шайх заде болған), одан – Хазрет Мулла Ходжа, одан – Ходжа Салих Азизан, одан – Ишан Хазрет Сузук ата, одан – Жан Ходжа Азизан, одан – Аман Ходжа Азизан, оның да 2 ұлы болды, кенжесі – Заман Ходжа Азизиан, оның 5 ұлы болды, үшінші ұлы – Надр Ходжа Азизан, одан – Иусуф Ходжа Азизан, одан – Ишан Алим Ходжа, оның 2 ұлы болды, екінші ұлы – Ишан Шах Иусуф Ходжа, оның үш ұлы болды, үшінші ұлы – Сайид Акрам ходжа, ол осы қолжазба мен шежірені жазушы.

Дәл осы осындай шежіре №2851 нұсқасынан 30 жыл бұрын, яғни 1252/1837 ж. жазылған №3004 нұсқасында да бар, бірақ онда үш ұрпақ кем көрсетіледі. Бұл кітаптағы (№3004) нахзац бетіндегі «*ин китаб аз мулк-и мулла Абрар Ходжа*» (Б. 01а), яғни «Бұл кітап Мулла Абрар Ходжа мүлкі-дүр» деген жазбадан оның да Исмағил ата ұрпақтары иелігінде болғанын көреміз. Сондай-ақ, «рисалат» нұсқасының ең көне №252 тізімі автордың, яғни Исхақ қожаның жетінші ұрпағы – Иақуб қожа ибн Қожа Исмағилдің қолымен 1103/1692 ж. жазылған (Б.88а)⁶.

⁶ Шежіре қолжазбаның 876-88а беттерінде Исмағил атаның үлкен ұлы Исхақ қожа арқылы таратылады.

Шығарманың «хадиқат» нұсқасының №3637 тізімінде алғашқы бетте, кітап иесінің қолымен жазылса керек, «Бұл кітаптің иесі қадірлі Хазірет Исмағил атаның (Алланың оған рақымы болсын!) ұрпағы» («*Сахиб-и китоб аулад-и джанаб-и хазрат-и бузург Исма’ил Ата, ‘алайхи рахма*») деген парсы тіліндегі жазба қалған (Б. 1б)⁷.

Қорытынды

Исхақ қожа ибн Исмағил ата ал-Қазығурти ат-Туркистанидің «Хадиқат ал-‘арифин» шығармасы – зерттеушілердің пайымдауынша, иасауилік сопылық мектеп практикасын теологиялық тұрғыдан түсіндіретін, түп нұсқасынан көп ауытқымай бүгінге бүтін жеткен Қазақстан территориясында жазылған иасауилік дәстүрдегі жазба деректің ең көнесі (DeWeese, 1996:219 б). Шетелдік қорларда сақталған шығарманың қолжазба нұсқаларына жүргізген палеографиялық, кодикологиялық зерттеулерімізден «Хадиқат ал-‘арифиннің» қандай ортада жазылғанына, кейінгі көшірушілері кім болғанына бірқатар жауап алдық. Біз сүйенген Ташкент қаласындағы нұсқалары XVII – XIX ғғ. аралығында Орталық Азияда Исмағил атаның ұрпақтары мен шәкірттері арасында көшірілгенін көрсетті. Соның ішінде «рисалат» нұсқасының ең көне тізімі №252 автор – Исхақ қожа ат-Туркистанидің 8-ұрпағы Иақуб қожа ибн Қожа Исмағилдің, №2851 тізімі автордың әкесі – Исмағил атаның 9-ұлынан тарайтын 11-ұрпағы Сайид Акрам Қожа қолымен жазылғаны анықталды. Тағы екі нұсқа (№№ 3004, 3637) Исмағил атаның ұрпақтары иелігінде болған. Шығарманың аты көрсетілмеген «рисалат» нұсқаларының бәрі Исмағил атаның тікелей ұрпақтары арасында жазылған нұсқа деп санауға болады.

«Хадиқат ал-‘арифиннің» біз қарастырған тізімдерінің каллиграфиясы (*шикасте, наста’лик-туркистани, наста’лик-шикасте*) әр қилы, бұдан қолжазбалар әртүрлі көшірушілердің қолымен, түрлі региондарда жазылғанын аңғарамыз. Қолжазбаларға жүргізілген зерттеу кезінде екі нұсқа арасында мынадай бірқатар айырмашылықтар бары анықталды:

– аты көрсетілген нұсқаларда шығарманың жазылуы және «Хадиқат ал-‘арифин» деп атын қою себебі түсіндіріледі;

⁷ Бұл тізімдегі қолжазба мұқабасындағы турунджа 1269/1853-54 жж. көрсетілген, демек қолжазба сол дата шамасында жазылған. Қолжазба 1982 ж. «Горкниготорга» №13 букинистік кітап дүкенінде 75 рубльге сатылған.

– аты көрсетілген хадиқат нұсқаларының қосымшаларында (*зайл*) Исмағил атаның кейінгі ұрпақтарының генеологиясы беріледі;

– «рисалат» нұсқасының барлығында Қожа Ахмет Иасауидің (561/1166 ж.қ.б.) ағасы – Садр Қожа Шайхтың (XII ғ.) ұрпағы шежіресі тарқатылады, ондай шежіре «хадиқат» нұсқасының №3637, 11383 тізімдерінде бірқатар айырмашылықтармен кездеседі.

«Хадиқат ал-‘арифин» ел аузында әулие деп танылған Исмағил ата ибн Ибрахим ата ал-Қазифурти ат-Туркистанидің өмір жолы мен қызметіне арналғандықтан, оны агиография-

лық жанрдағы шығарма қатарына жатқызамыз. Шығарма ортағасырларда қалыптасқан жанрлық стилистикасына сай шағатайша ауызекі тілге жақын үлгіде жазылған. Ондағы сюжеттер мен мотивтер Исмағил атаның мәртебесін, әулиелігін, ілімінің тереңдігін, оның үйреткен сопылық ілімі ислам негіздері мен догмасына сай екенін растау үшін құрылған. Араб, парсы тіліндегі агиографиялық шығармалардың ықпалы «Хадиқат ал-‘арифиннің» толық мәтіні зерттелгенде білінсе керек, әзірге біз қарастырған қосымшаларда түркілік өзіндік сарын басымдығы анықталады.

Әдебиеттер

Афдали, 1985 – Мухаммад Азам Афдали. Фихрист-и нусах-и хатти Аршиф-и Милли Афғанистан. – Кабул: Кумита-и даулати култур, 1363/1985.

Бабаджанов, 2003 – Бабаджанов Б.М. Зикр джахр и сама‘: сакрализация профанного или профанация сакрального? // Подвижники ислама. Культ святых и суфизм в Средней Азии и на Кавказе / Под ред.: С.Н. Абашина и В.О. Бобровникова. – М.: «Восточная литература» РАН, 2003. – С. 237–250.

Жандарбек, 2002 – Жандарбек З.З. «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2002.

Каталог, 2002 – Каталог суфийских произведений XVII-XX вв. из собраний Института востоковедения им. А.Р. ал-Бируни Академии наук Республики Узбекистан. Сост.: Б.Бабаджанов, С. Гулямов и др.; Редколлегия: Б. Бабаджанов, У. Берндт, А. Муминов, Ю. Пауль. Издатель Ю. Пауль. – Stuttgart, 2002.

Bozkurt, 2010 – Eshabil Bozkurt, İshâk Ata'nın Hadîkatü'l-ârifin İsimli Eseri ve Tahlili (İnceleme-Metin-Sözlük-Tıpkıbasım) / Yüksek Lisans Tezi. – İstanbul: Fatih Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, 2010. – Б. 213.

DeWeese, 1990 – DeWeese, Devin A. «Yasavian Legends on the Islamization of Turkestan,» in Aspects of Altaic Civilization III: Proceedings of the Thirtieth Meeting of the Permanent International Altaistic Conference, Indiana University, Bloomington, Indiana, June 19–25, 1987, ed. Denis Sinor, Uralic and Altaic Series 145 (Bloomington, Ind.: Research Institute for Inner Asian Studies, Indiana University, 1990), – P. 5–36.

DeWeese, 1996 – DeWeese, Devin A. The Masha'ikh-i Turk and the Khwajagan: Rethinking the Links Between the Yasavi and the Naqshbandi Sufi Traditions. «Journal of Islamic Studies» № 7, (1996): 180–207.

DeWeese, Муминов – Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии / Издат.: Д.ДиУис, А. Муминов. – Т.1. – Алматы-Блумингтон: «Дайк-Пресс». 2013.

Hofman, 1969 – H.F. Hofman. Turkish Literature: A Bio-Bibliographical Survey; Section III (Chaghatai) Part I (Authors) – T. 6. – Utrecht, 1969. – P. 316–318.

Ocak, 1997 – Yaşar Ocak. Kultur tarihi kaynagi olarak menakibnameler. – Ankara, 1997.

Koprulu, 1950 – M.Fuad Koprulu. Ahmed Yesevi // Islam Ansiklopedisi, C. –I. – Istanbul, 1950. – Б. 210–215.

Paul, 2012 – Paul Jurgen. Hagiographic literature // Encyclopaedia Iranica Online / Ed. by E. Yarshater. [New York]: Columbia Univ. Center for Iranian Studies, 1996. URL: <http://www.iranicaonline.org/articles/hagiographic-literature>

Tosun, 2010 – Necdet Tosun, «XIV. Asırda Yazılmış Çağatayca Bir Yesevî Eseri: Hoca İshak b. İsmail Ata'nın Hadîkatü'l-ârifin'i» // Uluslararası Hoca Ahmed Yesevî Sempozyumu Bildiriler, 20-21 Şubat 2010. – İstanbul, 2012. – Б. 70–76.

Tosun, 2011 – Necdet Tosun. Orta Asya ve Doğu Türkistan'da Yazılmış Türkçe Menakıbnameler // Тюркология, №4 (54), 2011, – Б. 130-136.

Z.Togan, 1981 – A. Zeki Velidi Togan. Umumi Türk Tarihine Giriş. 3-baski. – İstanbul: Enderun Kitabevi, 1981.

Zetterstéén, 1930 – Zetterstéén K.V. Die arabischen, persischen und türkischen Handschriften der Universitätsbibliothek zu Uppsala, I Uppsala, 1930.

References

Afdali, 1985 – Muhammad Azam Afdali. Fikhris-t-and nusah-and hattı Arshif-i Milli Afganistan. – Kabul: Kumita and Daulati culture, 1363/1985.

Babadzhanov, 2003 - Babadzhanov B.M. Zikr Jahr and sama': sacralizaziya profannogo ili profanaziya sacralnogo? // Cult svyatih i sufizm v Srednei Asii i na Kavkaze / Pod redak. S.N. Abashin and V.O. Bobrovnikov. – Moscow: "Vostochnaya Literatura" RAN, 2003. – B. 237–250.

Zhandarbek, 2002 – Zandarbek Z.Z. «Nasab-nama» nusqalary zhane turki tarihy. – Almaty: "Daik-Press", 2002.

Katalog, 2002 – Katalog sufiskih proizvedenii XVII-XX vv. iz sobranii Instituta Vostokovedenya im A.R. Al-Biruni Akademii nauk Respubliki Uzbekistan. Sostav.: B. Babadzhanov, S. Gulyamov i dr; Editorial Board: B. Babadzhanov, U. Berndt, A. Muminov, Y. Paul. Publisher J. Paul. – Stuttgart, 2002.

DeWeese, 1990 – DeWeese, Devin A. «Yasavian Legends on the Islamization of Turkestan,» in Aspects of Altaic Civilization III: Proceedings of the Thirtieth Meeting of the Permanent International Altaistic Conference, Indiana University, Bloomington, Indiana, June 19–25, 1987, ed. Denis Sinor, Uralic and Altaic Series 145 (Bloomington, Ind.: Research Institute for Inner Asian Studies, Indiana University, 1990), – P. 5–36.

DeWeese, 1996 – DeWeese, Devin A. The Masha'ikh-i Turk and the Khwajagan: Rethinking the Links Between the Yasavi and the Naqshbandi Sufi Traditions. «Journal of Islamic Studies» № 7, (1996): 180–207.

DeWeese, Muminov – Islamizatsiya i sakralnye rodoslovyne v Sentralnoi Azii / Izdat.: D. DeWeese, A. Muminov. – T.1. – Almaty-Bloomington: «Dike-Pree». 2013.

Hofman, 1969 – H.F. Hofman. Turkish Literature: A Bio-Bibliographical Survey; Section III (Chaghatai) Part I (Authors) – T. 6. – Utrecht, 1969. – P. 316–318.

Koprulu, 1950 – M.Fuad Koprulu. Ahmed Yesevi // Islam Ansiklopedisi, C. –I. – Istanbul, 1950. – Б. 210–215.

Hofman, 1969 – H.F. Hofman. Turkish Literature: A Bio-Bibliographical Survey; Section III (Chaghatai) Part I (Authors) – T. 6. – Utrecht, 1969. – P. 316–318.

Ocak, 1997 – Yaşar Ocak. Kultur tarihi kaynagi olarak menakibnameler. – Ankara, 1997.

Koprulu, 1950 – M.Fuad Koprulu. Ahmed Yesevi // Islam Ansiklopedisi, C. –I. – Istanbul, 1950. – Б. 210–215.

Paul, 2012 – Paul Jurgen. Hagiographic literature // Encyclopaedia Iranica Online / Ed. by E. Yarshater. [New York]: Columbia Univ. Center for Iranian Studies, 1996. URL: <http://www.iranicaonline.org/articles/hagiographic-literature>

Tosun, 2010 – Necdet Tosun, «XIV. Asırda Yazılmış Çağatayca Bir Yesevî Eseri: Hoca İshak b. İsmail Ata'nın Hadikatü'l-ârifin'i» // Uluslararası Hoca Ahmed Yesevî Sempozyumu Bildiriler, 20-21 Şubat 2010. – Istanbul, 2012. – Б. 70–76.

Tosun, 2011 – Necdet Tosun. Orta Asya ve Doğu Türkistan'da Yazılmış Türkçe Menakibnameler // Тюркология, №4 (54), 2011, – Б. 130-136.

Z.Togan, 1981 – A. Zeki Velidi Togan. Umumi Türk Tarihine Giriş. 3-baski. – Istanbul: Enderun Kitabevi, 1981.

Zetterstéen, 1930 – Zetterstéen K.V. Die arabischen, persischen und türkischen Handschriften der Universitätsbibliothek zu Uppsala, I Uppsala, 1930.